

«Сейфуллин окулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.1, Ч.II.- Б. 231-233.

СИЫРЛАРДЫҢ ЖАСЫНА ЖӘНЕ БУАЗДЫЛЫҚ МЕРЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ «PREGNANCY DIAGNOSIS» АСПАП ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Құрманғалиев Е.Е., 2 курс магистранты
Джакупов И.Т., профессор, ғылыми жетекші
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.*

Мал шаруашылығы - Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды саласы. Елімізде және жекелеген өңірлерде ауыл шаруашылығын дамытудың басты мақсаты қазіргі уақытта азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Қазақстанда мал шаруашылығы саласына ерекше көңіл бөлінуде, жайылымдық жерлер адамдарға экологиялық таза жағдайда мал өсіруге мүмкіндік береді.

Жануарлар организмінің жасқа байланысты өзгергіштігі мал шаруашылығындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жануарлардың осы өзгергіштігінің маңызды критерийлерінің бірі тек жыныстық дамудың ғана емес, сонымен қатар жануардың бүкіл репродуктивті кезеңінде өзгеретін физиологиялық критерийлер деп санауға болады. Буаздық кезеңіндегі жануар жасының маңызы жануар ағзасының сыртқы факторларға, ауруға деген төзімділігімен ерекшеленеді, яғни бұл көрсеткіш жатырдағы төл сапасы мен жетілуіне өз әсерін тигізеді.

Буаздық және бедеулік диагностикасы-біртұтас, бөлінбейтін шара. Буаздықтың ерте кезеңін диагностикалаудың зертханалық, биофизикалық және гормондық әдістерін қолдану буаз жануарларды төлдеуге, ал бедеу сиырларды ұрықтандыруға дайындауға, көбею және өнім шығару бойынша жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді [1].

Жануарлардағы буаздылықты анықтау үлкен практикалық және экономикалық маңызға ие және маңызды ветеринариялық-зоотехникалық шаралардың бірі болып табылады. Бұл жануарлардың ұрықтануын бақылауға мүмкіндік береді [2].

Сиырдың буаздылығына әр түрлі дәлдік деңгейі мен тексеру уақыты бар бірнеше әдістер арқылы диагноз қоюға болады. Буаздылықтың жоғары дәлдігі және ерте анықталуы сиырдың репродуктивті тиімділігін қамтамасыз етеді.

Тиісті шараларды қолдана отырып, төлдеу арасындағы аралықты азайту және буаз емес сиырларды мүмкіндігінше тезірек ұрықтандыру өте маңызды[3].

Қазіргі уақытта буаздылықты диагностикалау әдістерін зерттеуге арналған кең нақты материал жинақталды, олар бір-бірінен дәлдікпен, анықтау мерзімімен, өткізу жылдамдығымен және экономикалық шығындармен ерекшеленеді .

Буаздық кезеңінде жануар жасының тигізетін әсері, буаздыққа ең қолайлы жасы, буаздықтың өтуі, жануар жасының одан алынған төлге әсері жайлы мәліметтер өте аз. Әр түрлі жастағы жануарлардың ағзасындағы өзгерістеріне орай буаздыққа және бедеулікті диагностикалау жұмыстарының ерекшелігіне назар аудару қажет.

Жұмыстың мақсаты: Буаздылық мерзімі мен сиыр жасына байланысты сиырлардың буаздылығы мен бедеулігін диагностикалаудың аспаптық әдісінің тиімділігін анықтау.

Жұмысты орындау барысында тәжірибелер Ақмола облысы Аршалы ауданы «Ижевск» ӨК жүргізілді. «Ижевск» өндірістік кооперативінде негізінен сүтті бағыттағы қара ала тұқымды сиырлар өсіріледі.

Зерттеу материалдары: акушерлік құрал жабдықтар, «EMR V-9» УДЗ – сканері(Қытай), «Easi-Scan» УДЗ – сканері(Великобритания), жануарларды тіркеу журналы, ІҚМ, жануарларды бекіту орындары, бір реттік қолданылатын полиэтилен қолғап, халат, резеңке етік, вазелин т.б [4].

Жұмыстың бастапқы материалы әр түрлі жастағы сиырлар, 2021-2023 жылдардағы малдың ұдайы өсіп - өну журналы, сондай-ақ зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелері болады.

Сиыр жасының буаздық пен бедеулікті аспаптық диагностикалық зерттеуге әсерінің негізі жануар ағзасындағы орын алынатын жыныс мүшелерінің жасына байланысты өзгерістеріне тікелей байланысты [5].

«Ижевск» ӨК-нің сиырларының ұдайы өсіп – өну қызметінің жай-күйі келесідей жұмыстарды атқару арқылы зерттелінді : сервис кезеңі, бедеулік күндерінің саны , төлдеуден кейінгі кезең, сиырларда акушерлік аурудың таралуы, буаздығы және бедеулігі.

Ижевск өндірістік кооперативіндегі сиырларының ұдайы өсіп – өну қызметін зерттеу тіркеу журналына, ұрықтандыру журналын және т.б деректерге сүйене отырып жүргізілді (кесте 1) .

Кесте 1 - «Ижевск» ӨК сиырларының ұдайы өсіп – өну қызметін зерттеу нәтижелері

	Ірі қара мал саны	Сиырлар саны	Алынған төл саны	Сауын сиырлар	Суалу кезеңіндегі сиырлар	Құнажындар
2022	1384	802	698	478	273	101

«Ижевск» өндірістік кооперативіндегі сиырларының буаздығын мен бедеулігін анықтау мақсатында 57 сиырға сыртқы, тік ішек арқылы және «Pregnancy Diagnosis» аспабының көмегімен зерттеу жүргізілді.

Ұрықтандыру мерзімі мен буаздық күндері анықталғаннан кейін, сиырларды бес топқа бөлдік: буаздылық күндері I топ(n= 12)- 30 – 60күн, II топ(n= 12) 61 - 100 күн, III топ (n= 7) 101 - 135 күн , IV топ (n= 18) 136 -184 күн , V топ(n= 8) 185-240күн .

Сыртқы зерттеу арқылы 57 сиырдың 27 сиыр буаз, оның ішінде III топқа – 2, IV топқа – 17, V топқа – 8 сиыр; 30 сиыр бедеу оның ішінде I топқа – 12, II топқа – 12, III топқа – 5, IV топқа – 1 сиыр екендігі анықталды.

Тік ішек арқылы зерттеу барысында 41 сиыр буаз, оның ішінде II топ – 9 сиыр, III топ– 6 сиыр, IV топ– 18 сиыр, V топ– 8 сиыр; 16 сиыр бедеу оның ішінде I топ– 12 сиыр, II топ – 3 сиыр, III топ– 1 сиыр анықталды.

Аспаптық зерттеу барысында 57 сиырдан 30 сиыр буаз оның ішінде II топ – 5, III топ– 4, IV топ– 14, V топ– 7 сиыр; 15 сиыр күмәнді I топқа – 3, II топқа – 4, III топқа – 3, IV топқа – 4, V топ– 1 сиыр; 12 сиыр бедеу оның ішінде I топқа – 9, II топқа – 3 сиыр екендігі анықталды(кесте 2).

Кесте – 2 Буаздық мерзіміне байланысты буаздық пен бедеулікті зерттеу нәтижелері

№	Буаздық мерзімі	Мал саны	Сыртқы зерттеу		Аспаптық зерттеу			Тік ішек арқылы зерттеу	
			буаз	бедеу	буаз	күмәнді	бедеу	буаз	бедеу
1	30-60	12		12		3	9		12
2	61-100	12		12	5	4	3	9	3
3	101 -135	7	2	5	4	3		6	1
4	136-184	18	17	1	14	4		18	
5	185-240	8	8		7	1		8	

Жасына байланысты «Ижевск» ӨК-ның қара – ала тұқымды 57 сиырды буаздық пен бедеулігін диагностикалау мақсатында 3 топқа бөліп қарастырдық. Зерттеу әдістері ретінде сыртқы зерттеу, тік ішек арқылы зерттеу және аспаптық зерттеу қолданылды. I топқа 2 жасқа дейінгі сиырларды, II топқа 3 пен 5 жас аралығындағы сиырларды, III топқа 5 жастан жоғары сиырларды енгіздік. Зерттеу нәтижелері төменгі кестеде келтірілген(кесте 3) .

Кесте 3 - Сиыр жасына байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалау әдістерінің нәтижелері

Малдың жасы	Мал басы	Сыртқы зерттеу арқылы	Аспаптық зерттеу	Тік ішек арқылы зерттеу
-------------	----------	-----------------------	------------------	-------------------------

	саны	буаз	бедеу	буаз	күмәнді	бедеу	буаз	бедеу
2	3	3		3			3	
3-5	23	3	20	6	8	9	12	11
5-тен жоғары	31	21	10	21	6	4	26	5

Қорытынды.

«Ижевск» ӨК буаздылық пен бедеулігін диагностикалау мақсатында 57 сиырға сыртқы, тік ішек арқылы және «Pregnancy Diagnosis» аспабы көмегімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сыртқы зерттеу арқылы 57 сиырдан 27 сиыр (47,3%) буаз, 30 сиыр бедеу; аспаптық зерттеу нәтижесінде 30 сиыр буаз(52,6%), 12 сиыр бедеу, 15 сиыр күмәнді деген нәтижеге қол жеткізілді; тік ішек арқылы зерттеу барысында 41 сиыр буаз(71,9%), 16 сиыр бедеулігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Джакупов И.Т., Карабаева Ж.З. Контроль степени инволюции половых органов и характера выделений в послеродовой период у коров // 3i – intellect, idea, innovation. – 2017. - №2. – С. 15-20.
2. Преображенский, О. П., «Современные методы диагностики беременности и бесплодия животных», Ветеринария, 2003. - №7.
3. Panjaitan B, Siregar TN, Hafizuddin, Sayuti A, Adam M, Armansyah T, Syafruddin. Comparison of the effectiveness of pregnancy diagnosis in Aceh cow through measurement of interferon-tau and progesterone concentrations, Biodiversitas, - 2021.-№22. - P. 1712-1716.
4. Полянцев Н.И., Афанасьев А.И., Акушерство, гинекология и биотехника размножения животных: учебник. – СПб.: Издательство «Лань», 2012.
5. Хасанович Т.И., Влияние возраста коров на течение беременности, морфофункциональные, продуктивные показатели и репродуктивный потенциал их потомства : Дис. ...д-ра с.-х. наук : 06.02.01 : Нальчик, 2004. 307 б.